

2010 жылы ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне және базарда жасалынатын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне біржолғы талон құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 236-XXV шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда № 4-8-181 тіркелді. Күші жойылды - Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 наурыздағы № 147-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013.03.14 № 147 - V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына басшылыққа алып, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-ІV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) " қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабының 6-тармағы және Құрманғазы ауданы бойынша салық басқармасының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 2389 ұсынысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін біржолғы талон құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. 2010 жылға базарда жасалынатын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін біржолғы талон құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 132-ХІІІ "2009 жылға ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне және базарда жасалынатын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне біржолғы талон құнын белгілеу туралы" (2009 жылы 28 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4-8-138 енгізілген, 2009 жылы 12 ақпанда аудандық " Серпер" үнжариясының 7 нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

4. Осы шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, салық саясаты және бюджет жөніндегі тұрақты комиссияға (Ш. Жәлелов) тапсырылсын.

XXV сессиясының төрағасы
Аудандық Мәслихат хатшысы

Аудандық
М. Қуаншалиев
Р. Сұлтаняев

Мәслихаттың

К е л і с і л д і :

Н. Аленов - Құрманғазы ауданы бойынша салық басқармасының бастығы

Аудандық

мәслихаттың

2009

жылғы

23

желтоқсандағы

№ 236-XXV шешіміне 1-қосымша

2010 жылға ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік түрлеріне берілетін біржолғы талон құны

Р/с	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік талон құны (теңге)
1	Тұқым егетін көшеттер мен ағаш көшеттерін сату	30
2	Бау-бақша өнімдерін сату	50
3	Бау-бақша өнімдерін көлік құралдарында сату	250
4	Саяжайларда тұрғын үй учаскелерінде өсірілген гүл өнімдерін сату	30
5	Жеке меншік трактормен жер учаскелерін өңдеу жұмыстары	250
6	Газет-журнал сату	50
7	Жеке адамдардың өз малдарынан алынатын өнімдерін сату:	
	ет	300
	сүт	50
8	Мал бағу	200
9	Жеке меншік бурамен, бұқамен қызмет көрсету	200
10	Киім тігу, тоқып сату	30
11	Жүннен тоқылған өнімдер сату (кілемше, шұлық, қолғап т.б.)	50
12	Шөпті техникамен дайындап, сату	300
13	Шөпті қолмен дайындап, сату	50
14	Саман тас соғу және сату (500 дана)	500
15	Қамыс байлау, сату (қамыс плита)	200

Аудандық

мәслихаттың

2009

жылғы

23

желтоқсандағы

№ 236-XXV шешіміне 2-қосымша

2010 жылға базарда жасалынатын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін біржолғы талон құны

Р/с	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік талон құны (теңге)
1	Азық-түлік өнімдерін сату	120

2	Нан және ұннан жасалған өнімдерді сату	80
3	Сүт және сүттен жасалған өнімдерді сату	50
4	Киімдер мен аяқ киімдер сату	120
5	Парфюмерия, косметика сату	120
6	Ойыншық, сувенирлер сату	120
7	Шаруашылық тауарлар, ыдыс аяқ, хрусталдар сату	120
8	Кеңсе бұйымдарын сату	120
9	Қосалқы бөлшектерін сату	120
10	Шаруашылық өнімдерін:	
	а) ет сату	500
	б) құс, шұжық, сыр тағамдарын сату	120
	в) май тағамдарын сату	120
	г) кондитер тағамдарын сату	120
	д) жұмыртқа сату	50
11	е) жеміс-жидек, көкіністер сату	50
	Азық-түлік өнімдерін көлік құралдарында сату (көлік құралдарымен тұрып, көлік қасынан жерден сату):	
	а) жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс-жидектерін сату) 1,5 тоннаға дейін	250
	б) жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс-жидектерін сату) 5 тоннаға дейін	400
11	в) жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс-жидектерін сату) 5 тоннадан жоғары	500
	г) жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (шаруашылық бұйымдарды және құрылыс материалдарын сату)	400
12	Балық өнімдерін сату	100
13	Ұсақ-түйек тағамдар сату (шай, самса т.б)	50
14	Теріден жасалған бұйымдар сату	150
15	Мал сату ірі қара 1 бас	300
16	Ұсақ мал сату 1 бас	120
17	Киім тігу, тоқып сату	30
18	Жүннен тоқылған өнімдер сату (кілемше, шұлық, қолғап т.б)	50
19	Құс сату 1 бас	80
20	Балапан сату (10 бас)	75
21	Қамыс байлау, сату (қамыс плита)	200
22	Құрылыс заттары (цемент, ағаш, шифр т.б)	250
23	Құрылыс заттары (известь, ақ бор т.б)	50
24	Тас қашау (кұлпытас)	250
25	Аяқ киім жөндеу	50